



IRSTI 14.35.09
Research article

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-152-3-173-187>

Заманауи педагогикалық теория мен тәжірибедегі отбасылық құндылықтар мен рөлдік күтулердің өзара байланысы

А.Н. Нұғман^{*1}, Р. Мамедов², Ж.О. Небесаева³, Г.Ж. Саттар³, З.Е. Сыдыкова⁴

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Нахичеван мемлекеттік университеті, Нахичеван қ., Әзербайжан

³Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

⁴Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

(E-mail: ¹*akmonshak1991@mail.ru, ²rza_mammadov@hotmail.com, ³nebessayeva.zhanar@okmpu.kz, ⁴sattar.gulnur@okmpu.kz, ⁵zuhra0007@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада заманауи педагогикалық теория мен тәжірибені зерделей келе отбасылық құндылықтар мен ерлі-зайыптылар арасындағы рөлдік күтулердің өзара байланысы зерттелді. Теориялық талдау барысында О.Конт, Ж.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев, С.Қоңырбаева, Қ.Т.Атемова Ш.Шүйіншина мен М.П.Кабакованың зерттеулері негізге алынып, отбасы, отбасылық құндылықтар мен ерлі-зайыптылар арасындағы рөлдік күтулер туралы ғалымдардың тың пікірлері қарастырылды. Отбасылық құндылықтар қоғамның негізгі құрамдас бөлігі және ол мәдениет пен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Құндылықтар отбасы ішіндегі қарым-қатынас пен отбасы мүшелерінің өзара байланысын реттейтін принциптер, сенімдер мен нормалар жиынтығы деуге болады, біз өз зерттеуіміз барысында отбасылық құндылықтар отбасы ішіндегі салауатты және бақытты қарым-қатынастың негізін құрайтындығын зерттеу барысында анықтадық. Ал, өз кезегінде құндылықтар үйлесімділікті, сенім мен сыйластықты қалыптастыруға, сондай-ақ жеке тұлғалардың дамуына және отбасы мүшелері арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді. Шексіз сүйіспеншілік, құрмет, сенім, жауапкершілік және білімге деген ұмтылыс отбасына қиындықтарды жеңуге және бірге бақытты, тұрақты өмірге қол жеткізуге көмектесетін негізгі принциптер болып табылатындығын теориялық талдау негізінде көз жеткіздік. Қазақ халқында «Бірінші байлық - денсаулық, екінші байлық - ақжаулық, үшінші байлық - он саулық» деген сөз бар екені мәлім, бұны өмір пәлсапасы, яғни өмір философиясы деуге де болады.

Теориялық зерттеулер негізінде отбасы мәселесін зерттеудегі философия, педагогика, психология саласындағы ғалымдардың көзқарастары сарапталып, эксперимент арқылы отбасы құндылықтары мен рөлдік күтулердің өзара байланыстылығы анықтау мақсаты қойылды. Зерттеу мақсатына орай, эксперименттік жұмыс барысында «Серіктестердің рөлдік күтулері» әдістемесі (Н. Волкова) және «Отбасыдағы қарым-қатынас» сауалнамасы (Алешина Ю.Е., Гозман Л.Я., Дубовская Е.М.) әдістемесі, ма-

Түсті: 12.05.2025; Жөнделді: 30.08.2025; Мақұлданды: 29.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

тематикалық-статистикалық талдау әдістері қолданылды, алынған зерттеу нәтижелеріне сәйкес қорытынды жасалады. Теориялық талдау мен эксперименттік зерттеу нәтижесіне сәйкес отбасылық құндылықтар мен ерлі-зайыптылар арасындағы рөлдік күтулердің арасында өзара байланыстылығы пайымдалды.

Түйін сөздер: отбасы, құндылық, рөлдік күтулер, байланыс, ерлі-зайыптылар

Кіріспе

Отбасы жеке тұлғаның тағдырын анықтайтын, баланың әлеуметтенуіне әсер ететін әлеуметтік-мәдени институт ретінде қызмет атқарады. Жас ұрпақты тәрбиелеу, баланың мәдениетті, білімді болуының кепілі отбасынан бастау алады. Отбасы- баланы дүниеге әкеліп қана қоймай оның тұлғалық қалыптасуы мен жеке басының дамуында орасан зор рөл атқарады.

Отбасы – берекенің, бірліктің, кіршіксіз тазалық пен адамгершіліктің ордасы, ал осындай береке мен бірлікке толы, құрметті де, сыйлы отбасының қалыптасуында отбасылық құндылықтар мен ерлі-зайыптылар арасындағы рөлдік күтулердің маңыздылығы ерекше болып табылады. Отбасы – жеке тұлғаның және бүкіл қоғамның өмірінде орасан зор орын алады. Оның маңызды сипаттамалары болып оның қызметтері, құрылымы және динамикасы табылады. Бұл үшеуі бір-бірімен тығыз байланыста бола отырып, қоғамның миниатюрадағы үлгісі ретіндегі отбасының өмірлік іс-әрекетін құрайды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы ата-аналар форумында сөйлеген сөзінде берік және бақытты отбасы – келісімді қоғамның басты құрамдас бөлігі және мемлекеттің сенімді тірегі екендігі атап өткен. Отбасында отансүйгіштік, жауапкершілік, инабаттылық, үлкенге құрмет, еңбексүйгіштік, дамуға деген ұмтылыс сияқты қасиеттер тәрбиеленеді. Мемлекет пен қоғамның міндеті – отбасы институтын нығайту және өскелең ұрпақты жан-жақты дамыту үшін барынша қолайлы жағдай жасау. Ана мен баланы қорғау және қолдау – ел саясатының басты басымдықтарының бірі. Ал, отбасы құндылықтарын сақтау мен насихаттау ата-аналар қауымының міндеті.

Жоғарыда зерттеу өзектілігін айқындау арқылы зерттеу мақсаты мен міндеті анықталды:

- теориялық зерттеулер негізінде отбасы мәселесін зерттеудегі философия, педагогика, психология саласындағы ғалымдардың көзқарастарын сараптау;
- эксперименттік зерттеу арқылы отбасы құндылықтары мен рөлдік күтудің өзара байланыстылығын анықтау.

Әдебиеттерге шолу

Отбасының мәні мен мағынасына дұрыс баға беру үшін, отбасылық өмірдің барлық күрделі аспектілерін, соның ішінде отбасылық құндылықтар мен рөлдік күтулердің өзара байланысын мұқият зерттелуді қажет етуде. Отбасы мәселесінде көптеген сұрақтар

туындауына байланысты қазіргі таңда мемлекет тарапынан көп көңіл аударылуда.

Отбасы мәселесін зерттеуде ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастың ішкі жүйесін Ю.Е.Алешина, М.Боуэн, А.Я. Варга, О.А.Обозова, О.Карабанова, В.Сатир және басқа да авторлар өз зерттеулерінде қарастырған. Отбасындағы тұлғааралық қатынастарды гуманистік көзқарас тұрғысынан Л.Я.Гозман, К.Хорни, А.Маслоу, Р.Мэй, А.Б. Орлов, К.Роджерс, В.Франкл, Э.Фромм, В.И.Кабрин, О.Конт, Дж.Олпорттың еңбектері де өз септігін тигізген құнды жазбалар болып табылады.

Қазіргі отбасы мәселесін Қазақстандық ғылыми кеңістікте педагогикалық, психологиялық тұрғыда жан-жақты зерттеген Х.А.Арғынбаев, Ж.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев, М.Кабакова, Қ.Қазиева, Н.Л.Ибраимова, Н.С.Құрмантаева, С.С.Қоңырбаева, Қ.Т.Атемова, Ш.М.Шүйіншина, Қ.Оразбекұлы. Теориялық талдау аясында қазақстандық авторлардың еңбектері зерттеліп, отбасылық құндылықтардың трансформациясы, ата-ана тәжірибесі, сондай-ақ Қазақстанның мәдени контекстіндегі неке, отбасы, ерлі-зайыптылар арасындағы қатынас, рөлдік күтулер, отбасылық құндылықтардың ерекшеліктері зерттелгендігін де атап өтуге болады.

Отбасы, отбасылық құндылықтар, рөлдік күтулер мәселесі қазіргі таңда маңызды, әлі де болса жіті зерттеуді қажет ететін бағыттардың бір, осы ретте біз өз зерттеуімізде отбасылық құндылықтар мен рөлдік күтулердің өзара байланысын қарастыру мақсатын алға қойып отырмыз.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ғалымдар отбасылық өмірді ұйымдастыруда ұтымды ойлаудың маңыздылығын атап өтіп, оны адамның өмірлік ұмтылысының маңызды бөлігі деп санады. Бұл ретте зерттеушілер қоғамдық мүдделердің жеке мүдделерге әсері мен рөлі туралы жеке пікірлерін білдіріп, әртүрлі қоғамдардағы отбасы өміріндегі әлеуметтік сабақтастық идеясын атап өтті. Отбасы мәселесі сан ғасырлар мен жылдар ағымында философия, педагогика, психология, әлеуметтану салаларында өзектілігін жоғалтпаған, әрі әлі де болса әртүрлі қырынан зерттеліп келе жатқан мәселе деп айтар едік.

О.Конттың отбасы тұжырымдамасы еңбегінде «қоғамды – отбасы арқылы тану керек, өйткені ол адамзатты жалғастырушы» – деген (Абдигалиева, 2015). Бұл ретте ғалым әлеуметтік ұйымдасу арқылы тұлғаның әлеуметтенуі – отбасынан бастау алады дейді.

Ж.Қоянбаев пен Р.М.Қоянбаевтың еңбегінде «Отбасы – некемен туыстық байланысқан, бір шаңырақ астында бірге өмір сүретін туыстар тобы, ол ата-аналар, балалар және т.б. құрайды» деп көрсетеді (Қоянбаев, 2022).

С.Қоңырбаеваның еңбегінде «Отбасы – құрамы өзара туыстықпен байланысқан, жақын топтың әлеуметтік бірлестігі мен қарым-қатынасы» деген пікірді айтқан (Нишанбаева, 2016).

Отбасы тұлғаның қалыптасуына ғана емес, сонымен бірге, адамның отбасы аясында да, одан тыс жерде де өзін-өзі жетілдіруге, өзін таныта білуіне де мүмкіндіктер туғызады, оның әлеуметтік, өндірістік және шығармашылық белсенділігіне жағдай жасап, ынталандырып отырады, адамның физикалық және психологиялық жай-күйін сақтауға және нығайтуға жағдай тудырып, оның өзіне тән ерекше қасиеттерінің ашылуына мүмкіндік жасайды. Осыған байланысты, қазіргі кезде әрбір отбасында өзі қажет деп тапқан көлемде бала өсіре алатындай жағдайларды тудыру Қазақстан Республикасы

отбасы саясатының басты міндеті болып табылатындығын бірқатар ғалымдар өз зерттеулерінде сөз еткен.

Отбасы мәселесін зерттеген педагогика саласының жетекші ғалымы Қ.Т.Атемованың еңбегінде «балалар да, ересектер де – отбасында тәрбиеленеді». Ғалым отбасының тәрбиелік қызметін үш аспект тұрғысынан қарастыруды, атап айтқанда: 1-ші баланың қызығушылығын мен қабілетін дамыту, оның жеке басын қалыптастыру, 2-ші отбасы ұжымының жүйелі түрде әрбір отбасы мүшесіне ықпал етуін; 3-ші ересектердің өздерін белсенді түрде тәрбиелеуі әрі отбасындағы балалардың дамуын ата-ананың өмірлік тәжірибесі арқылы жүзеге асатындығын атап өткен (Атемова, 2017).

Қ.Т.Атемованың еңбегінде «отбасы - жас ұрпақтың өмір жолын бастайтын, қоршаған орта туралы терең әсер алатын ұжым екенін, әрі сол арқылы білім, әдет, мінез-құлықпен бірге өмірге деген оңтайлы көзқарасты қалыптастыратын негізі бола алатындығының айқын дәлелі деп айта аламыз.

Отбасы – халықтың өсіп-өркендеуінде, өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесінде, ата-бабаларымыздың мұра еткен саяси-әлеуметтік тәрбие мен мәдени құндылықтарды жеткізуде маңызды рөл атқаратын қоғамның құрамдас бір бөлігі. Отбасы өмірі рухани және материалдық үдерістермен сипатталады. Отбасы арқылы адамдардың ұрпақтары ауысып, онда адам дүниеге келеді, ол арқылы тұқым жалғасады.

Ш.Шүйіншина болса «отбасы – өмірге келген нәрестеге әлеуметтік орта тәжірибелерін беретін негізгі институт» – дейді (Шүйіншина, 2019).

Отбасын құрғаннан кейін ерлі-зайыптылар өздеріне тиесіл міндеттерді атқарып, бір шаңырақтың астында бірге бала тәрбиелеп, оларға үлгі өнеге көрсетіп, отбасылық құндылықтарды ұрпағының бойына сіңіре бастайды. Әр ата-ананың, отбасы мүшелерінің өз рөлі, міндеті бар. Отбасындағы рөлдік қатынастар – бұл отбасы рөлдерінің сипаты мен мазмұнымен немесе отбасы мүшелерінің отбасылық рөлдерді орындау кезіндегі өзара әрекеттесу түрімен анықталатын отбасы мүшелері арасындағы қатынастар, ол ана мен бала, әке мен бала және т.б қатынастарды құрайды. Осы ретте рөлдік күтулер болуы анық. Рөлдік күтулер – ерлі-зайыптылардың отбасылық міндеттерді серіктестің белсенді түрде орындауына қатынасы, ал рөлдік талаптар – әрбір серіктестің отбасылық рөлдерді орындауға деген жеке дайындығынан көрінеді. Рөлдік күтулер ерлі-зайыптылардың некедегі рөлдерін орындау арқылы жүзеге асады, мәселен «материалдық қамтамасыз ету үшін жауапты» рөлі, отбасын материалдық әл-ауқатпен қамтамасыз ету үшін ақша табу арқылы жүзеге асырылады, ал оған әке де ана да жауапты болуы мүмкін.

Отбасы мәселесін психология тұрғысынан зерттеген, ғалым М.П.Кабакованың зерттеуінде отбасының дамуы мен қалыптасуында ер мен әйелдің білімі де маңызды дейді. Ғалымның еңбегінде: «Қазақстан Республикасы көпұлтты мемлекет және аралас ұлттардың некелері өте кең таралған құбылыс. Ажырасқан ерлі-зайыптылардың білім деңгейі әртүрлі. Орыс ұлтының өкілдері арасында орта арнаулы және орта білімі бар әйелдер басым болса, ерлердің орта, орта арнаулы және жоғары білімі бірдей. Қазақ ұлтының өкілдерінің ішінде әйелдер де, ер адамдар да толық емес жоғары, жоғары және орта арнаулы білім деңгейі бірдей. Қазақ ұлтының ерлі-зайыптыларының білім деңгейі орыс ұлтының жұбайларына қарағанда біршама жоғары дейді. Жалпы алғанда,

іріктеудегі ерлердің 55%-ның орта және орта арнаулы білімі бар, 45%-ның аяқталмаған жоғары және жоғары білімі бар. Осы ретте отбасындағы ерлі-зайыптылардың білімі, мансаптық дәрежесі отбасылық құндылықтардың қалыптасуына, рөлдік күтулерге де әсерін тигізетіні уақыт өте келе байқала бастайтындығын ғалымның зерттеуінен байқауға (Кабакова, 2015).

Отбасылық өмірдің алғашқы жылдары ерлі-зайыптылар некеге көбірек қанағаттанады, уақыт өте келе қанағаттану төмендейді, одан әрі қанағаттану, егер, әрине, неке сақталса, күрт артады, бұл негізінен отбасының материалдық әл-ауқатының жақсаруымен, балалардың дүниеге келуі мен мансаптық өсумен байланысты, ал оның барлығы отбасылық құндылықтардың қалыптасуына ықпалын тигізбей қоймайды деп ойлаймыз.

Отбасы феноменінің және оның тәрбиелік қызметінің ерекше сипаты - отбасы мүшелерінің арасындағы белгілі бір қан мен психикалық байланыс, махаббат, мінез-құлық, тіпті ойлаудың үлгісі тек тұқым қуалау арқылы ғана емес, сонымен бірге өмір сүру үдерісі арқылы да берілетіндігін, ал ол баланың бойында отбасылық құндылықтардың қалыптасуына, отбасы мүшелерінің арасындағы бір-бірін қадірлеуіне, бағасы мен құнын білуге, демеу болуына ықпалын тигізері анық.

Ғылым адамзат қоғамының одан әрі табысты жұмыс істеуі үшін оның шағын құрамдас тобы – отбасын құру қажет екенін зерттеулер арқылы көрсетуде (Absatova, Atemova, 2018). Бай-қуатты отбасында баланың психикалық дені сау, физикалық тұрғыдан дұрыс қалыптасып, отбасылық құндылықтарды бойына сіңіріп өсетіндігі анық.

Қазіргі отбасының мазмұны айқын формалардың және әртүрлі типтердің болмауымен сипатталады. Жаңа заманда отбасы типологиясы күрделене түскен, отбасылар арасында түрлі отбасылар пайда болды. Отбасылық дағдарыстар қателік пен көп әйел алудың күрделі үлгілерінің күшеюінен көрінеді. Отбасы типологиясы әлеуметтік институт ретінде отбасының табысы мен сәтсіздігінің мәртебесін, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастағы отбасының делдал рөлін сипаттай отырып, адамдардың әлеуметтік өмірінің отбасымен байланысты екендігін көрсетеді.

Отбасылық құндылықтар бағытының өзгеруі өмірдегі өз позициясын тек материалдық жағдайының маңыздылығына баса назар аударатын, үйден және ата-анадан тыс тәуелсіздік пен автономияға қол жеткізуге, үйі мен көлігіне ие болу және жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал етуде. Қазіргі өмір салтындағы осы өзгерістердің барлығы туыстық байланыстарды құруға, я болмаса алшақ болуына үлкен әсер етуде.

Отбасының патриархалдық құрылымы нуклеарлық құрылымға, яғни ерлі-зайыптылар мен олардың балаларына ауысты. Бұрын тек еуропалық мемлекеттерге ғана тән қаржылық жағдай жасап, баспана мәселесін шешіп, жақсы ақы төленетін жұмысқа орналасқаннан кейін ғана некеге тұру үрдісі Қазақстанда да етек ала бастады, осы себепті біз отбасын құрған әйелдер мен ер адамдар арасындағы отбасылық құндылықтар мен рөлдік күтулердің өзара байланысын зерттедік.

Ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, біз «отбасы-адамгершілік мәдениетті, сүйіспеншілік қарым-қатынасты қалыптастыратын, маңызды құндылықтарды бала

бойына дарытатын, өзара рөлдік күтулері тұрақты қалыптасқан топ» деп айтар едік.

Зерттеу болжамы жас отбасыларда отбасылық құндылықтар мен рөлдік күтулердің өзара байланысы бар.

Материалдар мен әдістер

Теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерінен тұрады. Теориялық зерттеу барысында шетелдік және Отандық ғалымдардың отбасы мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерге талдау, жүйелеу, жалпылау, салыстыру әдістері қолданылады. Ал, эксперименттік зерттеу әдістері ретінде «Серіктестердің рөлдік күтулері» әдістемесі (Волкова, 2025), «Отбасыдағы қарым-қатынас» сауалнамасы (Алешина Ю.Е., Гозман Л.Я., Дубовская Е.М.) әдістемесі (Алешин, 2025), математикалық-статистикалық талдау әдістері алынады.

Зерттеу құралы ретінде алынған әдістемелеріне сипаттама беретін болсақ:

1.«Серіктестердің рөлдік күтулері» әдістемесінің (Н.Волкова) мақсаты: ерлі-зайыптылардың отбасылық өмірдегі қатынастың маңыздылығы, ерлі-зайыптылардың жеке қоғамы, ата-аналық міндеттері, әрбір ерлі-зайыптылардың кәсіби мүдделері, тұрмыстық мәселелері, моральдық және эмоционалдық қолдауы, ерлі-зайыптылардың сыртқы тартымдылығы туралы түсініктерін анықтау. Бұл көрсеткіштер отбасының негізгі функцияларын көрсетеді және отбасы құндылықтарының шкаласын (ОҚШ) құрайды. Ерлі-зайыптылардың отбасылық қызметтерді жүзеге асырудағы рөлдерді өз қалауына сай бөлінуі туралы ерлі-зайыптылардың рөлдік күтулер мен талаптар ауқымымен біріктірілуі қарастырылды. Отбасы құндылықтарының шкалалары: тұрмыстық, ата-аналық, әлеуметтік белсенділік, эмоционалды-психотерапия-лық, сыртқы келбет, жыныстық, жұбайымен сәйкестік алынды.

2. «Отбасыдағы қарым-қатынас» сауалнамасының (Алешина Ю.Е., Гозман Л.Я., Дубовская Е.М.) мақсаты: ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа деген сенім деңгейін, көзқарастардың ұқсастығын, отбасылық рәміздердің ортақтығын, ерлі-зайыптылар арасындағы өзара түсіністікті, жеңіл және психотерапиялық қарым-қатынасты өлшеуге негізделген. Сауалнама 6 шкала мен 48 сұрақты қамтиды, олар шкалалар мен кіші шкалаларға бөлінеді. Барлық сұрақтар шкалаларға бөлінген. Алынған зерттеу нәтижелеріне математикалық талдау барысында Манн Уитни (айырмашылықтар маңызды $p < 0,05$, $p < 0,01$) қолданылды.

Нәтижелер мен Талқылау

Эксперименттік зерттеу жұмысына отбасын құрған 30 жұп қатысты. Зерттеуге қатыстан жұптардың нәтижелері әйелдер мен ерлер деп қарастырылды.

Зерттелінушілер назарына «Серіктестердің рөлдік күтулері» (Н. Волкова) әдістемесі ұсынылды. Алынған зерттеу нәтижелері төмендегі кесте 1-де берілген.

Кесте 1. «Серіктестердің рөлдік күтулері» әдістемесі (Н. Волкова) бойынша әйелдер мен ерлердің рөлдік адекваттылығы мен отбасылық құндылықтарының байланысының нәтижесі

Көрсеткіштер	Отбасылық құндылықтар				
	Тұрмыстық	Ата-аналық	Әлеуметтік белоенділік	Эмоционалды-психотерапиялық	Сыртқы келбет
Әйелдердің орташа мәні (ӘОм) әйелдің рөлдік адекваттылығы	3,4	2,6	2,8	17	2,2
Ерлердің орташа мәні (ЕОм) ерлердің рөлдік адекваттылығы	3,2	2,8	2,9	1,3	0,8
Жұптардың орташа мәні (ЖОм) рөлдік адекваттылығы	3,1	2,7	2,3	17	1,6

Ескерту: деректер зерттеу нәтижелері негізінде жасалған

Кесте 1-де көрсетілген нәтижелерге сәйкес ерлі-зайыптылардың рөлінің сәйкестігі тұрмыстық функцияларды (Ә-3,4., Е-3,2) жүзеге асыру және әлеуметтік белсенділік шкаласына сәйкес (Ә-2,8., Е-2,9) кейбір жағдайда отбасында функцияларды орындауға қатысты басқа да бағдарлар серіктестердің үміттеріне сәйкес келе бермейтіндігі анықталды. Ерлі-зайыптылардың рөлдік адекваттылығы жеткілікті теңгерілген.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, әйелдің өзінің үй шаруашылығын және ата-аналық міндеттерін орындауға дайындығы (Ә-2,6) және өзінің сыртқы келбетіне (Ә-2,2) қамқорлық жасауға дайындығы ерлердің әйелге деген көзқарасымен сәйкес келетіндігі анықталды. Әйелдердің күйеуінің сән талаптарын сақтауына қатысты күтулері күйеуінің үмітімен сәйкес келмейді. Зерттеуге қатысқан күйеулердің әйелдеріне моральдық және эмоционалды қолдау көрсетуге бағытталған рөлдік ұмтылыстары жеткіліксіз екендігі анықталды.

Айта кету керек, әйелдер ер адамның басты міндеті – асыраушы болу деп есептейді, бұл әйелдің отбасының экономикалық әл-ауқатына қатысты үмітін талап етеді. Тұрақсыз қаржылық жағдаймен сипатталатын отбасыларда қаржылық мәселелер бойынша жанжалдар мен келіспеушіліктер және ата-ананың отбасына көмекке жүгіну нәтижесінде эмоционалды-терапиялық функция төмендейтіндігі анық.

Сонымен қатар, әйелдердің рөлдік сәйкестігінің көрсеткіштері әйелдің күтулері мен күйеуінің кәсіби мүдделері саласындағы күйеуінің талаптары арасындағы сәйкестікте көрінеді. Нәтижесінде, отбасында әйелдер үшін күйеуінің сәні мен сыртқы келбет стандарттарына сәйкес келуі маңызды екені анықталды. Сонымен қатар, ерлі-зайыптылардың бір-бірінен әлеуметтік белсенділік күтуі басым болады – олардың пікірінше, әрбір некеде кәсіби ұмтылыстар болуы керек, ал әйелдер эмоционалды көшбасшы рөлін және отбасылық психотерапевт функциясын оңай қабылдай алатындығы анықталды.

Рөлдік күтулерге байланысты алынған нәтиже келесі Кесте 2-де келтірілген.

Кесте 2. Әйелдер мен ерлер арасындағы рөлдік күтулердің көрсеткіші

Зерттелінуші	Жыныс	Жұбаймен сәйкестік	Тұрмыстық	Ата-аналық тәрбиелік	Әлеуметтік белсенділік	Эмоциялық-психотерапевтік	Сыртқы тартымдылық
Әйелдер	3,3	1,2	4,1	2	2,1	21	2,2
Ерлер	4,5	1,4	4	2	1,8	11	1,7

Ескерту: деректер зерттеу нәтижелері негізінде жасалған

Рөлдік күтулердің нәтижесіне келетін болсақ, отбасындағы әйелдер үшін тұрмыстық (4,1), интимді-сексуалдық (3,3), сыртқы келбет (2,2), әлеуметтік белсенділік (2,1), ата-аналық тәрбиелік (2) шкалалар маңызды болып табылған. Ал, ерлер үшін интимді-сексуалдық (4,5), тұрмыстық (4), әлеуметтік белсенділік (1,8), сыртқы тартымдылық (1,7) сынды шкалалар маңызды екендігі анықталды. Әйелдер мен ерлер арасында ата-аналық тәрбиелік шкала тең нәтижеге ие болған. Ал, жұбайымен сәйкестік шкаласы арасында аз ғана айырмашылық бар екендігін көруге болады. Зерттеу нәтижесіне сәйкес ерлі-зайыптылардың отбасылық қызметтерді жүзеге асырудағы рөлдерді өз қалауына сай бөліну туралы рөлдік күтулер мен талаптар ауқымымен біріктірілуі арасында сәйкестік бар екендігі анықталды.

Келесі кезекте біз «Отбасыдағы қарым-қатынас» сауалнамасының (Алешина Ю.Е., Гозман Л.Я., Дубовская Е.М.) нәтижесіне келетін болсақ. Эксперименттік зерттеу нәтижесіне сәйкес ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа деген сенім деңгейі, көзқарастардың ұқсастығы, отбасылық рәміздердің ортақтығы, ерлі-зайыптылар арасындағы өзара түсіністік, жеңіл және психотерапиялық қарым-қатынас анықталды. Зерттеу нәтижесі төмендегі кесте 3-те келтірілген:

Кесте 3. Отбасыдағы қарым-қатынас сауалнамасының (Алешина Ю.Е., Гозман Л.Я., Дубовская Е.М.) нәтижесі

Зерттелінуші	қарым-қатынасқа деген сенім	көзқарастардың ұқсастығы	отбасылық рәміздердің ортақтығы	ерлі-зайыптылар арасындағы өзара түсіністік	жеңіл және психотерапиялық қарым-қатынас
Әйелдер	17,5	14,3	10,7	17,5	16,7

Ерлер	17,7	16,7	12,1	17,6	13,6
-------	------	------	------	------	------

Ескерту: деректер зерттеу нәтижелері негізінде жасалған

Кестеде келтірілген нәтижелерге келетін болсақ «отбасылық рәміздердің ортақтығы» шкаласы бойынша ерлерде (12,1) әйелдерде (10,7) құрады, бұл ерлі-зайыптылар арасында әлі де болса ортақ болып табылатын отбасылық дәстүрлер жеткілікті қалыптаспағандығын көрсетеді, бұл зерттеуге қатысқан жас отбасылар болып табылуына байланысты болар. Ал, қарым-қатынасқа деген сенім деңгейі шкаласы бойынша алынған нәтижеге келетін болсақ: әйелдер негізінен қарым-қатынасқа үлкен мән береді, олар жұбайына басқалармен қарым-қатынасы туралы барлығын айтуға, күйеуін қызықтырмай-тын кез келген жаңалықтарды, тіпті болмашы нәрселерді бөлісуге тырысады, жұбайына өздерінің сәтсіздіктері туралы айтады, қарым-қатынастың барлық аспектілерінде өте ашық, бұл әйел мінезіне және қарым-қатынасқа деген сенім орнату қажеттілігіне байланысты болуы әбден мүмкін. Керісінше ер адамдар неғұрлым жабық болып келеді, олар өздерінің сәтсіздіктерін жұбайларымен бөлісуге әрқашан дайын емес, олар өздерінің физикалық жағдайындағы мәселелер туралы айтпағанды жөн көреді, олар ашық емес және әйелдерімен өздеріне тікелей қатысы жоқ жаңалықтармен бөлісуге ұмтылмайды. Дегенмен, ер адамдар өз жауаптарында жұбайларына жоғары баға береді (серіктесті бағалау кезінде), бұл олардың әйелдерінің құпия қарым-қатынасқа көбірек мұқтаж екенін дәлелдейді. «Қарым-қатынасқа деген сенім деңгейі» шкаласы бойынша ортақ мән әйелдер (17,5) мен ерлерде (17,7) де шамамен бірдей екендігі анықталды.

«Ерлі-зайыптылар арасындағы өзара түсіністік» шкаласына келетін болсақ, әйелдердің күйеулеріне беретін бағасы олардың өзіне берген бағасынан біршама төмен, бұл әйелдердің ерлерге қарағанда өзара түсіністігінің жоғары екендігін көрсетеді: әйелдер жұбайының нені бастан кешіріп жатқанын және оның әртүрлі жағдайларда болып жатқан оқиғаларға қалай қатысы барын тезірек түсуге тырысады. Бірақ күйеулер әйелдерінің өздерін жақсырақ сезінуіне, олардың көңіл-күйі мен сезімін (тітіркену, реніш және т.б.) тіпті оны көрсетуге тырыспағанына сенімді болып табылады. Күйеулер әйелдердің жұбайының жағдайын үнемі сезінуге қабілетті деп санайды, тіпті ол сөйлемесе де, жауаптарда қарама-қайшылық бар бола тұрса да әйел күйеуінің көңіл-күйін сөзсіз анықтай алады деп есептейді. Сонымен қатар отбасы құндылықтарының бірі – жанұядағы адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы, махаббаты. Отбасының негізін, шындығында, махаббат сезімі құрайды. Бұл дегеніміз отбасы мүшелерінің бір-біріне көңіл бөлуі, қамқорлық жасауы, қолдау көрсетуі және отбасы мүшесін қандай кемшілігімен болса да қабылдай білу. Махаббат бар жерде өзара үйлесімділік, эмоционалды күшті байланыс, әрі бақытты отбасы болуға деген ұмтылыс болады. Бірақ ерлі-зайыптылар бір-бірін тіпті қашықтықта сезінуге және серіктестерінің болып жатқан жағдайға қалай қарайтынын түсінуге бірдей қабілетті екендігі анықталды.

«Көзқарастардың ұқсастығы» шкаласы бойынша ерлерге қарағанда әйелдердің көрсеткіші анағұрлым төмен екендігі, бұл ретте әйелдер табиғатынан ашуға бейім, эмоциясын тез сыртқа шығарумен сипатталатындығын ескерген жөн. Сонымен қатар

«жеңіл және психотерапиялық қарым-қатынас» шкаласы бойынша көп жағдайда әйел адам ер адамды тыныштандыруға, оған қолдау көрсетуге бейім екендігімен ерекшеленетіндігі анықталды.

Қорытынды

Ерлі-зайыптылардың өзара әрекеттесуінің негізгі принциптері отбасылық өмірде салауатты және үйлесімді қарым-қатынасты құра білу, ал ол өзара түсіністік пен серіктестер арасындағы байланысты нығайтуға және отбасында жағымды атмосфераны құруға көмектеседі. Осы ретте басты қағидалардың бірі – өзара сыйластық. Ерлі-зайыптылар бір-бірін жеке тұлға ретінде құрметтеуге, олардың сезімдерін, пікірлерін және қажеттіліктерін ескеруі керек. Өзара сыйластық атмосферасын құру сенімді нығайтуға және ер мен әйелді жақындастыруға көмектеседі. Зерттеу нәтижесіне сәйкес отбасылық құндылықтар мен рөлдік күтулердің өзара байланысы бар екендігі анықталды, әрі отбасының берік, оның мүшелерінің өзара қарым-қатынасы тығыз болуы үшін біз - қолдау, татуласу, кешірімді болу, отбасының әл-ауқаты мен өзін-өзі дамыту сынды құндылықтардың маңызды екендігін атап өтер едік.

Отбасындағы негізгі қағида – қолдау. Ерлі-зайыптылар қиындықтарда бір-бірін қолдауы керек, ер мен әйелдің қажеттіліктеріне әрқайсысы қамқорлық пен көңіл бөле алуы. Отбасындағы ерлі-зайыптылардың арасындағы өзара қолдау- құрметті, достық қатынасты, жағымды қарым-қатынас құндылықтарының түзелуіне әкеледі.

Отбасындағы келесі қағида - татуласу және кешірімді бола білу. Отбасында жанжалдар мен келіспеушіліктер болуы сөзсіз, сондықтан татуласу және кешіре білу маңызды. Ерлі-зайыптылар өшпенділік пен ренішті емес, жанжалдарды конструктивті түрде шешуге дайын болуы керек, бұл тек жас отбасына ғана емес, сонымен қатар тәжірибесі мол отбасына да қатысты. Ал, ол бақытты, тату-тәтті отбасында өмір сүрген баланың мейірімді, ашық, ізетті, алғыр болып өсуінің кепілі бола алатындығы анық.

Отбасындағы тағы бір маңызды қағида ол - отбасы әл-ауқаты мен өзін-өзі дамыту. Ерлі-зайыптылар өздерінің қажеттіліктеріне, мүдделеріне және жеке дамуына назар аударуы керек. Өзіңізге деген қамқорлық эмоционалды тепе-теңдікті және әл-ауқатты сақтауға көмектеседі, бұл қарым-қатынас пен отбасылық үйлесімділік сапасына әсер етері сөзсіз. Өз халқымыздың тарихы тұрғысынан қарайтын болсақ, қазақта үлкенге құрмет, кішіге ізет о бастан дәріптеліп, отбасының берік болуына көп күш салған. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, отбасында әке мен шешенің тату-тәтті өмірі мен отбасылық құндылықтарды баласының бойына дәріптегенді көріп өткен бала, азамат болғанда өзі көрген отбасын құратын болады, мұны психолог мамандар да растайды. Ата-анасы тату, айрандай ұйыған отбасында тәрбие көрген баланың бойына отбасылық құндылықтар сіңіп, жанұя құру деген түсінікті маңызы зор, қасиетті ұғым деп қабылдамақ, сондықтан қоғам тарапынан да, мемлекет тарапынан да заманауи педагогикалық теорияларды дәріптеп, отбасылық құндылықтардың сақталуын, әрі жалғасуын әрбір ата-ана өз міндеті ретінде қарауы керек. Білім мен дамуды қатар алып жүру де отбасылық құндылықтар маңызды болып табылады. Білімді бағалайтын отбасы өз балаларын үнемі оқытуға және дамытуға баса назар аударады, білімге ұмтылуын, мектептер мен университетке баруын және білім беру үдерісіне белсенді қатысуын

ынталандырады. Білім отбасының әр мүшесінің жеке дамуына ғана емес, сонымен бірге өмір сапасын жақсартуға көмектеседі.

Бақытты және берік отбасындағы қарым-қатынасын құру стратегиялары ерлі-зайыптыларға қарым-қатынастарын нығайтуға және оны ұзақ мерзімді перспективада тұрақты етуге отбасындағы ерлі-зайыптылар арасындағы рөлдік күтулердің оңтайлы болуына, соның негізінде отбасылық құндылықтардың дұрыс түзілуіне септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысын түйіндей келе, отбасы құндылықтары мен рөлдік күтулердің өзара байланысы тығыз екендігін зерттеу нәтижелері көрсетті. Отбасылық құндылықтарды сақтау мен дамытуды тек қана мемлекеттік бағдарламаларға сүйенбей, ұлтық мүддені биік қоятын әрбір отбасы, әрбір азамат өзінің парызы ретінде санауы керек дей келе, әрбір отбасында өскен тәрбиелі, білімді ұрпағымыз еліміздің ертеңгі өмірінің жарқын болатынының кепілі. Қорыта келе отбасындағы құндылықтардың қалыптасуы ата-ана тәрбиесінен бастау алып, өмір мектебінде өз жалғасын табады демекпіз.

Алғыс айту

Мақаланы жазу барысында әр автордың үлесін ескере отырып, зерттеу жұмысына қатысқан отбасылар мен ата-аналарға алғыс айтамыз.

Авторлардың қосқан үлесі

Нұғман А.Н. – тақырыпқа сай әдіснамалық талдаулар жасап, түпнұсқа қарапайым нұсқасын жазу, редакциялау.

Мамедов Р - зерттеу жұмысының концепциясын құруда, зерттеудің нәтижелерін талдау мен түсіндіруде зерттеу тұжырымдамасын негіздеді.

Небесаева Ж.О. – зерттеу әдістемелерін жинақтады.

Саттар Г.Ж. – эксперименттік зерттеу жұмысын өткізу мен алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау жұмыстарын жүргізді.

Сыдыкова З.Е. – эксперименттік зерттеу жұмысының нәтижелерін талдау мен мақаланың соңғы нұсқасын бекітуде үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

Абдигалиева, Г.К. (2015). Проблема ценностей в истории философии. Алматы: Қазақ университеті.

Алешина, Ю.Е., Гозман, Л.Я., Дубовская, Е.М. (1987). Особенности общения между супругами (Общение в семье). Қолжетімді: <https://psytests.org/family/spdial.html> (қол жеткізілген күні: 18 мамыр 2025).

Атемова, Қ.Т. (2017). Қазақ отбасы тәрбиесінің даму тарихы. Алматы: «Қазақ университеті».

Волкова, А.Н., Трапезникова, Т.М. (1985). Ролевые ожидания партнеров, РОП. Қолжетімді: <https://psytests.org/family/rop-run.html> (қол жеткізілген күні: 18 мамыр 2025).

Кабакова, М.П. (2015). Психологические аспекты стабилизации супружеских отношений. Алматы: Қазақ университеті.

Қоянбаев, Ж., Қоянбаев, Р. (2022). Педагогика. Алматы.

Национальная идеология начинается с семьи (2023). Қолжетімді: <https://www.sarangazeti.kz/ru/novosti/2616-sg-43-za-31-maya-4.html> (қол жеткізілген күні: 18 мамыр 2025).

Нишанбаева, С.З. (2016). Отбасы – тұлғаны құндылықтарға тәрбиелеудің қайнар көзі. «Әлемдік және Қазақстандық білім – ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика мен этнопсихология» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы.

Шүйіншина, Ш.М. (2019). Отбасы мен мектеп: білім сапасы. Алматы.

Absatova, M.A., Nishanbayeva, S.Z., Nurpeisova, T., Atemova, K.A. (2018). Experimental Study on family formation and moral values of students. *International Journal of Intellectual Disability – Diagnosis and Treatment*, 6(3), 2292–2598. DOI: <https://doi.org/10.6000/2292-2598.2018.06.03.3>

Atemova, K., Kabekeyeva, K., Iskakova, P., Zhumadullaeva, A., Belgibayeva, G. (2018). Application of national values in family training of Kazakh people. *Journal of Advanced Pharmacy Education and Research*, 8(4), 45–50. Қолжетімді: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85063234482&origin=recordpage> (қол жеткізілген күні: 18 мамыр 2025).

А.Н. Нугман¹, Р. Мамедов², Ж.О. Небесаева³, Г.Ж. Саттар³, З.Е. Сыдыкова⁴

¹*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Нахичеванский государственный университет, г. Нахичеван, Азербайджан*

³*Южно Казахстанский педагогический университет имени Ө. Жәнібекова, Шымкент, Казахстан*

⁴*Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент, Казахстан*

Взаимосвязь семейных ценностей и ролевых ожиданий в современной педагогической теории и практике

Аннотация. В статье рассматривается взаимосвязь семейных ценностей и ролевых ожиданий супругов, с учетом современной педагогической теории и практики. Теоретический анализ базировался на исследованиях О. Конта, Ж. Коянбаева, Р.М.Коянбаева, С.Коянбаевой, К.Т.Атемовой, Ш.Шуиншиной и М.П. Кабаковой, а также рассмотрены новейшие взгляды ученых на семью, семейные ценности и ролевые ожидания между супругами. на основе теоретических исследований были рассмотрены взгляды ученых в области философии, педагогики и психологии на изучение семейной проблематики, а также поставлена цель экспериментальным путем определить взаимосвязь между семейными ценностями и ролевыми ожиданиями. Семейные ценности являются основополагающим компонентом общества и играют важную роль в формировании культуры и моральных ценностей. Ценности можно рассматривать как набор принципов, убеждений и норм, которые регулируют семейные отношения и взаимодействие между членами семьи. В ходе нашего исследования мы определили, что семейные ценности составляют основу здоровых и счастливых отношений в семье. В свою очередь, ценности способствуют формированию гармонии, доверия и уважения, а также развитию личности и укреплению связей между членами семьи. На основе теоретического анализа мы пришли к выводу, что безусловная любовь, уважение, доверие, ответственность и стремление к знаниям являются основными принципами, которые помогают семьям преодолевать трудности и достигать счастливой, стабильной совместной жизни. В соответствии с целью исследования в ходе экспериментальной работы была использована методика «Ролевые ожидания партнеров» (Н. Волковой) и опросник «Семейные отношения» (Алешина Ю.Е., Гозман Л.Я., Дубовская Е.М.), а также методы математического и статистического анализа. По результатам теоретического анализа и экспериментального исследования установлена взаимосвязь между семейными ценностями и ролевыми ожиданиями супругов.

Ключевые слова: семья, ценность, ролевые ожидания, общение, супруги

A.Nugman*¹, Rza Mammadov², Zh. Nebessayeva³, G. Sattar³, Z. Sydykova⁴

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*Nakhichevan State University, Nakhichevan, Azerbaijan*

³*Zhanibekov University, Shymkent, Kazakhstan*

⁴*University of Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan*

The relationship between family values and role expectations in modern pedagogical theory and practice

Abstract. The article examines the relationship between family values and role expectations of spouses, taking into account modern pedagogical theory and practice. The theoretical analysis was based on the studies of O.Conte, J.Koyanbaev, R.M.Koyanbaev, S.Konyrbaeva, K.T.Atemova, Sh.Shuinshina and M.P.Kabakova, and also considered the latest views of scientists on family, family values and role expectations between spouses. Family values are a fundamental component of society and play an important role in the formation of culture and moral qualities. Values can be considered a set of principles, beliefs and norms that regulate family relationships and the interaction of family members. In our study, we found that family values form the basis of healthy and happy relationships within the family. In turn, values contribute to the formation of harmony, trust and respect, as well as the development of individuals and strengthening ties between family members. Based on theoretical analysis, we concluded that unlimited love, respect, trust, responsibility and the desire for knowledge are the main principles that help a family overcome difficulties and achieve a happy, stable life together. Based on theoretical research, the views of scientists in the field of philosophy, pedagogy and psychology on the study of family issues were considered, and the goal was set to experimentally determine the relationship between family values and role expectations. In accordance with the purpose of the study, the methodology of «Role Expectations of Partners» (N.Volkova) and the questionnaire «Family Relationships» (Aleshina Yu.E., Gozman L.Ya., Dubovskaya E.M.), as well as methods of mathematical and statistical analysis were used in the experimental work. Based on the results of theoretical analysis and experimental research, a relationship was established between family values and role expectations of spouses.

Keywords: family, value, role expectations, communication, spouses

References

- Abdigaliyeva, G.K. (2015). Problema tsennostey v istorii filosofii [The Problem of Values in the History of Philosophy]. Almaty: Qazaq Universiteti. (in Russian)
- Aleshina, Yu.E., Gozman, L.Ya., Dubovskaya, E.M. (1987). Osobennosti obshcheniya mezhdu suprugami (Obshchenie v sem'ye) [Features of Communication Between Spouses (Family Communication)]. Available at: <https://psytests.org/family/spdial.html> (accessed: 18 May 2025). (in Russian)
- Atemova, Q.T. (2017). Qazaq otbasy tärbiesiniñ damu tarikhı [The History of Development of Kazakh Family Education]. Almaty: Qazaq Universiteti. (in Kazakh)
- Volkova, A.N., Trapeznikova, T.M. (1985). Rolevye ozhidaniya partnerov, ROP [Partners' Role Expectations, ROP]. Available at: <https://psytests.org/family/rop-run.html> (accessed: 18 May 2025). (in Russian)

Kabakova, M.P. (2015). Psikhologicheskiye aspekty stabilizatsii supruzheskikh otnosheniy [Psychological Aspects of Stabilization of Marital Relationships]. Almaty: Qazaq Universiteti. (in Russian)

Qoyanbaev, Zh., Qoyanbaev, R. (2022). Pedagogika [Pedagogy]. Almaty. (in Kazakh)

National'naya ideologiya nachinayetsya s sem'i [National Ideology Begins with the Family] (2023). Available at: <https://www.sarangazeti.kz/ru/novosti/2616-sg-43-za-31-maya-4.html> (accessed: 18 May 2025). (in Russian)

Nishanbayeva, S.Z. (2016). Otbasy – tulǵany qundylyqtarga tärbielewdiñ qaynar közi [The Family as a Source of Educating a Person in Values]. In: "Älemdik jäne Qazaqstandyq bilim – ǵılım keñistigindegi etnopedagogika men etnopsikhologiya" attı halyqaralyq ǵılimi-praktikalıq konferentsiya materialdary [Materials of the International Scientific-Practical Conference "Ethnopedagogy and Ethnopsychology in the Global and Kazakh Educational-Scientific Space"]. Almaty. (in Kazakh)

Shüyınshina, Sh.M. (2019). Otbasy men mektep: bilim sapasy [Family and School: Quality of Education]. Almaty. (in Kazakh)

Absatova, M.A., Nishanbayeva, S.Z., Nurpeisova, T., Atemova, K.A. (2018). Experimental Study on family formation and moral values of students. International Journal of Intellectual Disability – Diagnosis and Treatment, 6(3), 2292–2598. DOI: <https://doi.org/10.6000/2292-2598.2018.06.03.3>

Atemova, K., Kabekeyeva, K., Iskakova, P., Zhumadullaeva, A., Belgibayeva, G. (2018). Application of national values in family training of Kazakh people. Journal of Advanced Pharmacy Education and Research, 8(4), 45–50. Available at: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85063234482&origin=recordpage> (Accessed: 18 may2025).

Авторлар туралы мәліметтер:

Нұғман А.Н. – хат-хабар авторы, «Әлеуметтік педагогика» мамандығының 2 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі 2, 010000, Астана, Қазақстан

Мамедов Р. – Нахичеван мемлекеттік университетінің доценті, педагогика ғылымдарының докторы, AZ7012 Нахичеван, Азербайжан

Небесаева Ж.О. – философия докторы PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 160012, Шымкент, Қазақстан

Саттар Г.Ж. – 2 курс докторанты PhD, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 160000, Шымкент, Қазақстан

Сыдыкова З.Е. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Орталық Азия инновациялық университетінің ассоц. профессоры, 160000, Шымкент, Қазақстан

Сведения об авторах:

Нугман А.Н. – автор для корреспонденции, докторант 2 курса Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева по специальности «Социальная педагогика», ул. Сатпаева 2, 010000 Астана, Казахстан

Мамедов Р. – доцент Нахичеванского государственного университета, доктор педагогических наук, AZ7012 Нахичеван, Азербайжан

Небесаева Ж.О. – доктор философии PhD, ассоциированный профессор Южно Казахстанского педагогического университета имени Өзбекәлі Жәнібекова, 160012, Шымкент, Казахстан

Саттар Г.Ж. – PhD докторант 2 курса, Южно Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібекова, 160000, Шымкент, Казахстан

Сыдыкова З.Е. – кандидат педагогических наук, ассоц. профессор университета Центрально-Азиатского инновационного университета, 160000, Шымкент, Казахстан

Information about the authors:

Nugman A.N. – corresponding author, 2nd year doctoral student of the specialty "Social Pedagogy" of the Eurasian National University named after L. N. Gumilyov, 2 Satbaev st, 010000, Kazakhstan Astana city

Mamedov R. – associate professor of Nakhichevan State University, doctor of Pedagogical Sciences, AZ7012, Azerbaijan

Nebessayeva Zh. – doctor of philosophy PhD, Zhanibekov University, 160012, Shymkent, Kazakhstan

Sattar G. – PhD doctoral student 2nd year, Zhanibekov University, 160000, Shymkent, Kazakhstan

Sydykova Z.E. – candidate of pedagogical sciences, Associate Professor of the University of Central Asian Innovation University, 160000, Shymkent, Kazakhstan